

**Қазақстан Республикасында демократиялық реформаларды тереңдету жөніндегі
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға арналған іс-қимыл жоспарын бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 31 шілдедегі N 218-ө Өкімі
Қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған заңнамалық
жұмысты және іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында демократиялық
реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға
арналған іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар 2006
жылғы 1 қарашаға қарай Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2006 жылғы 10
қарашаға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы
туралы қорытынды ақпарат ұсынсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 218 - ө өкімімен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында демократиялық реформаларды тереңдету жөніндегі
Қ а з а қ с т а н
Үкіметінің 2006 жылға арналған
іс-қимыл жоспары**

N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру				
1.	М ы н а л а р д ы : "Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару туралы"»Қазақстан Республикасы Заңының жобасын; кейбір заңнамалық кесімдерге жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заңдардың жобалары	Әділетмині	Заң жобалау жұмыстары жоспарының 20- тармағына сәйкес
2.		Жарлық жобасы	ЭБЖМ	

	Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдаудың 2007 - 2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және қабылдау			Желілік кестенің 155-тармағына сәйкес
Аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау				
3.	"Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы"» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау	Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлауды өткізу	ОСК, облыстардың әкімдері	Қазан
4.	Қазақстан Республикасы аудандарының, облыстық маңызы бар қалаларының әкімдерін сайлауды өткізуді ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді талдауды өткізу	Үкіметке ақпарат	ОСК, облыстардың әкімдері	Қараша
Азаматтық қоғам институттарын нығайту және дамыту				
5.	Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдау	Үкімет қаулысының жобасы	МАМ, Әділетмині, ЭБЖМ, БҒМ, ДСМ , Қоршағанортaмині , Еңбекмині, АШМ , ОІГСҰК, АҚҰО, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тамыз
6.	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "»Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыруға бағытталған нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау	Үкімет қаулыларының жобалары	МАМ	Қыркүйек
7.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның және Республикалық бюджет комиссиясының қарауы үшін меценаттық және қайырымдылық қызмет мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу	Әділетминіне және ЭБЖМ-ге ұсыныстар	МАМ	Қыркүйек
Өкілді органдардың өкілеттіктерін кеңейту				
8.	"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"»Қазақстан Республикасының Заңына жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Үкіметке ұсыныстар	Әділетмині	Қараша
9.	Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына,	Үкіметке ұсыныстар		Тамыз

	жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекітуге өтінімдерді қарау кезінде көпшілік тыңдауларға өкілді органдардың қатысуына байланысты ұсыныстар енгізу		ТМРА	
10.	"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы"»Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және» Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Парламенттегі депутаттық фракциялар мен топтардың өкілеттіктерін нығайтуға және кеңейтуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Үкіметке ұсыныстар	Әділетмині	Қазан
Әділ сот және құқық қорғау органдарының жүйесін жетілдіру				
11.	Тұтқындауды сотпен санкциялау институтын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ұсыныстар	Әділетмині, БП, ЖС	Қазан
12.	"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	БП	Желілік кестенің 151-тармағына сәйкес

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Еңбек министрі - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржы министрі - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Әділет министрі - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ОСК - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

ОПСҰК - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия

АҚҰО - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
Заң жобалау - "Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау
жұмыстарының 2006 жылға арналған жоспары туралы"
жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы
9 ақпандағы N 94 қаулысы

Желілік кесте - "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1
наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру
жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008
жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік
кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы